«Бекітемін:
«Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
Меңгерушісі: Тәуекелова О.А
«__» қазан 2023ж

«Күз кереметі»

(экибано)




Тәрбиеші: Тұңғатарова Б.А
Таңірберген А.Д

2023-2024 оқу жылы
Ақтөбе қаласы

Scanned with CamScanner


«Аяла» балабақшасының тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірге жасаған жұмыстары



«Бүлдіршін» ортаңғы тобының тәрбиеленушілері




Төретай Медина




Нұрболат Ахмет


Scanned with CamScanner



Гусманов Мухаммад



Асылбекова Инкар



Жакебай Наргиза

Scanned with CamScanner

«Аяла» балабақшасы
Анықтама

Балабақшаның жоспарына сәйкес, күз айының аясында «Күз кереметі» атты ата-аналар мен тәрбиеленушілер жұмысының әкебано (көрме) ұйымдастырылды. Күзде жиналатын өнімдерге байланысты ата-аналар балаларына түрлі макеттер, балабақша ауласын, суреттер салып т.б. Көрмеге ата-аналар мен балалар белсене қатысты. Балабақша әкімшілігі алғыс хатпен марапаттады. Бірлескен жұмыс балаға да ата-анаға да қызықты болды. Жұмыс нәтижесінде балалардың шығармашылыққа деген қызығушылықтары артып, қабілеттері жетілді.

Өтілген шара туралы мәлімет

Әкебано қазан айы 2023 жылы ата-аналар мен тәрбиеленушілерінің жұмыстары балабақша көрмесіне тапсырылды.

Әкебано мақсаты: Балаларды ізденіске, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру. Күздің көрінісі туралы түсінік қалыптастыру. Ата-ананы балабақша өміріне араластыру.

Іс-шараға қатысқандар: тәрбиеленушілер мен ата-аналар.

Іс-шараның барысы:

«Күз кереметі» тақырыбындағы әкебаноға тапсырылған жұмыстар саны – 5.

Бүлдіршін тобының ата-аналары белсене қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Ата-аналар балалар мен бірге отырып әкебано суреттер салып алып келді, салынған суреттер мен макеттер түрлі бояулармен боялған және де ермексазбен, қамырдан, асқабақтан, жапырақтардан, қатты картондардан әртүрлі идеяда ойластырылған макеттер мен әртүрлі күз айында піскен жемістерден туындылары болды.

«Бүлдіршін» ортаңғы тобының тәрбиеленушілері: Нұрболат Ахмет, Жакебай Наргиза, Асылбекова Інкәр, Гусманов Мұхаммад және Аманшиева Амалия өз жұмыстарын тапсырды. Көрмені тамашалау тәрбиеленушілерге қызықты сәт болды.

Тәрбиешілер: Тұңғатарова Б. А.
Тәңірберген А. Д.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
ЖШС "Амаль- 2021
«Аяла» Балабақшасы
меңгерушісі: О.А.Тәуекелова
« »желтоқсан 2023ж

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

(ертеңгілік.)



Тәрбиешілер:Әлқуатова А.М
Әзи Ә.М

Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аяз Атаның, Ақшақардың, балалардың карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым – қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.
Ертеңгілік барысы: Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.
Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл құт береке әкелсін!
Біздің: «Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!
Ертеңгілімізді бастамас бұрын балабақшамыздың меңгерушісі Тәуекелова Орынгүл Аманкелдиевнаға құттықтау сөз беріледі.
Ендеше ертеңгілімізді бастайық…
Жүргізуші: Балалар, ортамыздағы әсем не?
Балалар: Шырша!
Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, кім бізге шыршаға ән айытп берейік
Ән: «Шырша» әні қабыл алыңыздар.
Пештің жанынан балалар Машаны байкап қалады.



Маша ұйқыдан оянып жан жағына қарайды, әдемі балаларды көріп.
Маша: Қандай әдемі балалар, недеген керемет киімдер, бәрін де әп әсем болып киініп алыпсыңдар.Қандай мерекені тойлағалы жатырсыңдар
Маша: Ойлай болса менде сендермен бірге тойлайыншы.

Балалар: әрине
Маша:Олай болса мен аяз атаға хат жазып келейін.
Маша кетіп қалған кезде,Қасқыр келеді.

Scanned with CamScanner

Қасқыр: Недеген керемет балалар бәрін, әдемі болып киініп алыпсыңдар мерекеге дайындалып келіпсіздер, бірақ мында аяз ата жетпейдігой.





Жүргізуші: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, ата – аналарымыз, көрерменеріміз де бар екен, енді, біздің жаңа жылдық мерекемізге кім жетпейді?
Балалар: Аязата, Ақшақар.
Жүргізуші: кәне, онда Аязатаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.
Балалар: Аязата, Аяз ата (деп 2 рет айтқанда,
Аяз ата келеді. Қасында Ақша қары бар. Таяғын тарсылдата кіріп келеді.



Аяз ата:
Сендерге көк жүзінен нұрдай болып,
Жауғанын қапалақтап көріп қардың,
Асыға ұшып келдім құрдай жорып,
Ал, достар алдарыңа келіп қалдым.
Оо, қарақтарым! Мен сендерді сағына жетіп келдім. Шын тілеген ниеттеріңнің арқасында Ақша қар екеуіміз сонау солтүстүктен бұғымызға шанамызды жеге салып келіп тұрмыз.
Ақша қар: Аяз ата, дұрыс айтасыз! Иә, достар. Біз келгеншe көптеген жерлерде болдық. Әлемнің әр жерінде той-думан болып жатыр.
Жүргізуші: Қош келдіңіздер төрлетіңіздер! Біз балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар!
Балаларымыздың жаңа жылға арнаған тақпақтарын бар екен...
Бекзат
Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз.

Scanned with CamScanner

Жалғас
Жаңа жыл, жаңа жыл.
Жаңа жылда – жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.
Ажар
Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді!
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймыз сіздерді!
Медина
Тамаша. Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.
Қасқыр:Ой жарайсыңдар балалар өнерлі екенсіңдер, аяз атамен ойын ойнап жіберсек қалай?
Ойын:Тілек хат
Шарты: Балалар қолына ақ қағаз беріледі, және қыстырғыш береді, музыка қосылады балалар кезек,кезек қыстырғыш пен қыстырып ұстайды музыка тоқтаған уақытта қалай балаға қағаз түседі сол бала барлығына тілек айтады.
Қасқыр: Тілектеріне рахмет балалар,сендерге көп көп рахмет.
Жүргізуші: Аяз ата , Ақшақар біздің балаларымыздың биін қарсы алыңыздар.
Би:Жаңа жыл биі



Аяз ата:Ақша қар, сыйлықтар қайда, кәне, берші. Мен мына жастардың жарқын жүздеріне, тамаша өнеріне тамсанып отырмын.
Сыйлықтар беріледі.
Ән: «Шыршаға бардық» әнің қабыл алыңыздар!



Scanned with CamScanner

Адина
Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Ералы
Жаңа-жылмен,жаңа-жылмен,
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді,анамызды,
Қонақтардың бәрін де!



Алдияр
Келіңдер, келіңдер
Тақпақ айтып беріңдер
Жомарт Аяз атадан
Сыйлық алып көріңдер
Құндыз
Келіңіздер, келіңіздер
Би де билеп беріңіздер
Қызығы мол жаңа жылдың,
Тамашасын көріңіздер.



Мариьям
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады,

Scanned with CamScanner

Жып-жылтыр боп жатады.



Сезім
Ақ қырауға малынған,
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына



Ердәулет
Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Алима
Не ойласаң жаңа жыл
Орындалады бар арман
Жаңа жылды сондықтан
Күтеді барлық балалар.



Исламхан
Кең пейілді мол мейірлі,
Сағынышпен табысқан.
О, алақай, Аяз ата

Scanned with CamScanner

Келе жатыр алыстан.
Төре
Жаңа жылда балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмаңдар ешқашан,
Мықты болып өсіңдер!
Мағжан
Кел балақай шырша дайын
Қол ұстасып ән салайық
Жаңа жылдың жарқын айын



Әнмен бимен қарсы алайық.
Аяз ата биі
Жарайсыңдар балалар
Аяз атамен ақшақар қоштасып кетеді.
Осымен ертеңгілініміз аяқталды.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
«Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
Меңгерушісі:Тәуекелова О.А
« » қаңтар 2024ж

«Қыстың кереметі көрінісі»

(көрме)




Тәрбиеші :Тұңғатарова Б.А
Таңірберген А.Д

2023-2024 оқу жылы
Ақтөбе қаласы

Scanned with CamScanner

« Аяла» балабақшасының тәрбиеленушілері ата- аналармен бірге жасаған жұмыстары



«Бүлдіршін» ортаңғы тобының тәрбиленушілері



Төлеген Марьям

Scanned with CamScanner



Еркін Мансур



Мұрат Ислам



Жолдыбай Нартай

Scanned with CamScanner

«Аяла балабақшасы

Анықтама

Балабақшаның жоспарына сәйкес, қыс айының апталығында «Қыстың керемет көрінісі» атты ата-аналармен тәрбиеленушілер жұмысынан көрме ұйымдастырылды.

Өтілген шара туралы мәлімет

Көрме қаңтар айы 2024жылы ата-аналар мен тәрбиеленушілерінің жұмыстары балабақша көрмесіне тапсырылды.
Көрме мақсаты: Балаларды ізденіске, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру. Қыстың көрінісі туралы түсінік қалыптастыру. Ата-ананы балабақша өміріне араластыру және де тығыз қарым-қатынаста болу.
Іс-шараға қатысқандар: тәрбиеленушілер мен ата-аналар.
Іс-шараның барысы:
«Қыс қызығы» тақырыбындағы көрмеге тапсырылған жұмыстар саны – 5. Әр түрлі идеяда ойластырылған макеттер мен әр түрлі қыс айының көрінісі бейнеленген туындылары болды.
«Бүлдіршін» тобының тәрбиеленушілері: Телеген Марьям, Мұрат Ислам, Нұрболат Ахмет, Жолдыбай Нартай, Жәкебай Наргиза өз жұмыстарын тапсырды. Көрмені тамашалау тәрбиеленушілерге қызықты сәт болды.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін:
«Ақмаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
меңгерушісі: Тәуекелова О.А
« » 2024ж

«Арулар-сайысы»

(ертеңгілік)



Тәрбиешілер: Әлқуатова А.М
Әзи Ә.М

Ақтөбе қаласы-2024ж

Scanned with CamScanner

Мақсаты: Балаларды аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Дүниедегі жақсылық атаулының барлығын күннің нұрынан, ананың мейірімінен тарайтынын ұғындыру. Әдептілікке, сыпайылыққа, сұлулыққа, кішіпейілділікке, өнерге ұмтылған қыз балаларды тәрбиелеу.
Көрнекілігі:
Жүргізуші:



Бүгін біздің балабақшада дүбірлі той
Ден қойып тыңдаңыздар, көңілді қой.
Жырдан шашу шашылсын, күй күмбірлеп,
Қош келдіңіздер, халайық сергісін бой.
Балаларға ең жақыны сіз ғой ана,
Сіздің ыстық құшағыңыз бізге пана
Сіздерге теңестірер ешнәрсе жоқ
Теңесе алар бірақ нәрсе, Отан ғана
Құрметті ата - аналар, қыз - қызғалдақтар, қадірлі тәрбиешілер! Қар астынан қалқиып, бәйшешек бой көтергенде, көктемнің алғашқы хабаршысы болып аналар мерекесі келді. Бәйшешек соншалықты нәзіктігіне қарамастан қалың қар астынан бүршік атады. Біздің асыл аналарымыз да бәйшешектей барлық қиыншылыққа төзімді.
Аналар көктемгі гүлдей жарқырап, гүл мерекелеріңіз, күн мерекелеріңіз құтты болсын!
«Қыз сыны» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.
Ал құрметті халайық
Мерекені бастайық
Аруларды әуенмен
Қошеметпен қарсы алайық
1. Азиева Азиза
2. Дидарқызы Адина
3. Ажимова Мариям
4. Жеңіс Адина
Жүргізуші:
Кімдер жүйрік өнерпазды білейікші
Қыз сыны деп жүрейікші
Әділқазы алқасынан әділдікті
Ал аруларға сәттілікті тілейікші,–дей келе әділ қазылар алқасымен танысайық.
1. Балабақша меңгерушісі: Орынгүл Аманкелдіқызы
2. Балабақша әдіскері: Асель Бисембекқызы
Құрметті көрермендер сайысымыздың шартымен таныстырып өтейік.
1.Таныстыру
2.«Шебердің қолы ортақ»
3.«Сән үлгісі»
4. «Өз өнері»(өнер сайысы: ән, би, күй, өлең оқу)
5. «Ас - адамның арқауы».
Жүргізуші: Таныстыру
Өнер қуып арулар өтер дейміз
Бір басына өнері жетер дейміз.

Scanned with CamScanner

Балабақша аруларымен кездесіп
Таныстырып өздерін өтсе дейміз.
(Арулар өздерін реттік номері бойынша таныстырады)
Жүргізуші:Құтты болсын осы шаттық күніміз.
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым
Бұл өмірде күліп қа
на жүріңіз.
Ән: Аяулы анашым
Жүргізуші:Жарайсыңдар балалар тамаша орындау
Ананың біз гүліміз
Балаларды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз– деп, «Ана» туралы тақпақтар айтайық.
Эльзат;Сенен өскен балалар,.
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен.
Құрметті аналар.
Төре:Әлпештеген аялаған.
Ақ сүт берген апатайым.
Сәлем жазып бүгін саған.
Мейрамымен құттықтаймын.
Мағжан;Бесіктерін әнімен.
Тербетуде аналар.
Жасай берсін сәнімен.
Жер бетінде аналар.
Алдияр:Мәпелеп мені өсірген.
Ризамын мен өзіңе.
Ана деген керемет.



Сыйлап өтем өмірде
Сезім;Құтты болсын ақ анам
Сегізінші науырызың!.
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың,
Тілейді бақыт бір саған.



Әлпештеген ұл - қызың.

Scanned with CamScanner

Ажар:Менің әжем бұл әже .
Айтқан сөзі дәл әжем .
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже
2 .«Шебердің қолы ортақ»
Шеберлерім өнер тамып қолынан,
Жаңылмаған ата–баба жолынан.
Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,
Біз айтайық төрелігін соңынан.
Кезекті үйден дайындап алып келген бұйымдарын көрсетіп, таныстыруға береміз.
Жүргізуші: Кезекті тағы тақпаққа берсек.
Жалғас:Ақ сүт берген анаңа.
Күш-жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған
Алима:Көктем келді жадырап.
Күн нұрымен таласып
Жайнанай берші жарқырап
Жаны жайсаң ананшым.
Салман: Анашым жүрегім
Өмірлік тірегім.
Аман боп жүрші тек.
Алладан тіледім.
Әділхан: Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең



Айналайын жан анам
Медина:Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды.



Біздің ана тіліміз.
Ердәулет:.Бәріңізде анасың.
Біз үшін күн боп жанасың .
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

Scanned with CamScanner

Мунира:Ақ анашым аппағым.
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнімде
Арнадым саған бәрінде
3.«Сән үлгісін көрсету»
Қыз емес қыздың аты қызыл алтын,
Көрінер толған айдай жүзі жарқын.
Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі сәнін,–дей келе аруларымыз сән үлгілерін көрсетеді.
Жүргізуші: Келесі кезекті биге берсек «16 қыз»
4. «Өз өнері»
Ал кімнің өнері бар қаншалықты





Би билеп, ал біреулер ән салыпты.
Бүгінгі сайыста бәйге алуға
Арулар аянбай–ақ жан салыпты–дей келе аруларды аналарымен бірге өз өнерін көрсетуге шақырамыз.
Жүргізуші: Кезекті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.
Бекзат:Мен анамды сүйемін.
Сөзің ойға түйемін
Анашымды ардақтап
Басымды оған иемін
Исламхан:Аялаған анашым
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім.
Қартаймашы анашым.
Али :Жарқын жүзді жан анам .
Сендей болсын бар адам .
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан.
Кәусар: Анамыздың мейірлі.
Жүзіне біз қараймыз.
Анамызды пейілі
Жомарт жанға балаймыз
Ерасыл:Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әженіде ардақтап
Әдеппен бас иеміз
Құндыз:Бөбегінің сыйлығын.
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап.
Ауырмашы анашым


Scanned with CamScanner

5.«Ас - адамның арқауы».



Аруларымыз үйден дайындап келген тағамдарын таныстырып, атын атап, құрамын, жасалу жолын айтып өтеді.

Жүргізуші: Әділқазылырымыз аруларымыздың бағасын шығарып болғанша **Ән:**Ана Төре Сезім Мағажан ұл қыздары



Өнерімен өрге жүзіп шарықтадың,
Мақсатыңды талаппен анықтадың.
Сан қырлы таза ғаyһар секілденіп,
Қуантады өзіңді танытқаның.

Сөз кезегі әділ қазылар алқасына ұсынамыз. Сайысқа қатысқан арулар марапатталады.

1. Өнерлі ару.
2. Шебер ару.
3. Сәнқой ару.
4.Инабатты ару

Жүргізуші: Осымен біздің бүгінгі «Қыз сыны» атты сайысымыз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңзға көп - көп рахмет.





Scanned with CamScanner

«Бекітемін:
«Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
меңгерушісі: Тәуекелова О.А
«__» _____ 2024ж

«Қош келдің,әз-наурыз»

(ертеңгілік)



Тәрбиешілер: Әлқутова А.М
Әзи Ә.М

Ақтөбе қаласы-2024ж

Scanned with CamScanner

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.
Тәрбиеші: Армысыздар ата-аналар, қонақтар, балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. «Төле би » аулының, «Қош келдің – Әз Наурыз!» атты мерекесін тамашалаңыздар.Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі.
Тәрбиеші: Ал, халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға
Биден шашу шашайық!
Би Қара жорға!»
Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Орнымызға жайғасайық
Тазша бала;Ассалаумағалейкум Сәлеметсіңдерме балалар



Балалалар;Сәлеметсізбе сіз кім болдыңыз ?
Тазша бала;Балалар мені танымадыңдарма мен Тазша баламынғой Сендер бүгін өте әдемі сұлу сымбатты болып кетіпсіңдерғой бұл ауылда не болып жатыр?
Тәрбиеші ; Біздің Төле би ауылымызға қош келдіңіз
Қане балалар Тазша балаға қандай мереке екенін айтыңздаршы есіне түссін
Балалар;22 наурыз ұлыстың ұлы күні қазақтың. Ұлттық мейрамы
Тәрбиеші Тазша бала бүгін наурыз мерекесін тойлап жатқан да келдіің кел қонағымыз бол,Балалардыі мерекеге деген өлең шумақтары мен әндері билерін тамашалып демалыңыз,
Тәрбиеші Енді балаларымыздың өлең шумақтарына берейік
Медина:Жыл басы – **Наурыз** мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.
Наурыз тойы береке
Тіршілік жаңа оянды!
Құндыз:Жылдың басы **Наурыз**,


Scanned with CamScanner

Жердің басы **Наурыз**.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Мағжан;Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтын
Наурыз тойы бастайық!
Ердаулет;Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.
Тәрбиеші балалар жарайсыңдар біздің тазша баламызда сендерге айтары бар екен
Тазша бала Жарайсыңдар балалар ендеше меніде сендерге құр қол келмедім Ер жігіттердің бағын сынағым келіп тұр деп едім , Қазақтың ұлттық ойындарыныің бірі Қол күресу



Тазша бала балаларымыз қайсар өте мықты екен жарайсыңдар
Тәрбиеші Жігіттеріміздің өнерін тамашаласақ батырлар биі



Тәрбиеші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)
ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)
- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік,

Scanned with CamScanner

мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ
- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?
- 7 түрлі
- Қане атап беріңдерші?
- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз
- Дұрыс айтасыңдар.
Тәрбиеші ой кандай керемет келіңіз қонақ болыңыз төрлетіңіз
Ерасыл Наурыз бүл мереке
Құтты болсын береке
Қыдыр ата келсін
Жақсы тілек әкелсін.
Әділхан Наурыз жауын наурыз сән
Әсем әуен, сазды ән.
Қыз бозбала қыдырған,
Жасыл желек, көк аспан.
Д,Адина
Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!
Кәусар
Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!
Тәрбиеші Бүгінгі
тойға алыстан ат терлетіп, аса қадірлі қонағымыз Қыдыр ата келді. Қыдыр ата жоғары шығып, төрлетіңіз, балалардың өнерін тамшалаңыз.
Қыдыр ата: Амансыңдар ма, балаларым!
Наурыз мерекесі құтты болсын! Әр отбасына құт-береке әкелсін!
Жүргізуші: Енді біздің кішкентай қыздардың мерекеге арналған жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар
Салман Наурызбен құттықтап
Алыс жақын қаутышты.
Көктемдегі жарқын сәт,

Scanned with CamScanner

Көңілдерге ауысты
Ажар Наурыз тойым наурыз тойым
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.
Азиза Көктем келді балақай
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.
Сезім Наурыз тойы тамашга
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.
Эльзат Наурыз келді сан құрып
Жасарып жаңғырып
Құлпырды жер мен көк
Мейрім таң күліп.
БИ БИПЫЛ АЙ




Жүргізуші: Олай болса балаларымыздың орындауында «Аспаптар !» әнін қабыл алыңыздар.
Жүргізуші: Балалар, «Әлди әлди баладан әлделейді анасы деген шумақтарды қай жерде айтылады
Балалар Бесік тербетіп жатқанда



Жүргізуші : Дұрыс айтасыңдар балалар,
Халқымызда бесік – қасиетті мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі әжелеріне, әйелдеріне жүктеледі. Ол бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады,

Scanned with CamScanner


Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек берейік. (Әжесі немересін бесікке бөлейді).




Мойнымдағы тұмарым,
Таркамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.
Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным.
Бесігіне жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.
Балам жатсын бесікке,
Пәлесі қалсын есікте.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, бүгінгі Наурыз мерекесіне арналған «» Бесік жырына тойының батасын Қыдыр атамызға жолдаймыз.

Қыдыр ата: Ұлыс оң болсын ақ мол болсын



(бата беріліп,шашу шашылып, дәм татуға шақырамыз)



Scanned with CamScanner

«Бекітемін:
«Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
Меңгерушісі: Тәуекелова О.А
« » сәуір 2024ж

«Біз спортты сүйеміз»



Тәрбиеші: Тұңғатарова Б.А
Таңірберген А.Д

2023-2024 оқу жылы
Ақтөбе қаласы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Әкелер» отбасылық сайысы
Мақсаты: Спортық ойындарды ойнай отырып спортқа қызығушылығын арттыру. Шапшандыққа, ептілікке баулу. МдҰ-ға ата- аналарды тарту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.
«Өмір негізі – денсаулық; Денсаулық негізі – спорт;» деген сөздің мақсатын түсіндіру.
Көрнекілік: доп, кольцо, кедергілер, секіртпе (скакалка).
Барысы:
І Ұйымдастыру кезеңі
- Армысыздар, бармысыздар! Қош келдіңіздер, ата-аналар және барша сайысты тамашалауға келген көрермендер, бүлдіршіндер!
Құрметті қонақтар, ата – аналар балабақша ұжымы бүгін «Аяла» балабақша бүлдіршіндері және әкелері арасында 7 мамыр -Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылған «Біз спортты сүйеміз » атты отбасылық сайысымызға Қош келдіңіздер!
Келіңіздер көріңіздер
Тек ынта бөліңіздер
Мықты боп шынығып
Шығам деп сеніңіздер – деп, Сайысты бастауға рұқсат етіңіздер!
Сайысқа әр отбасыдан құрылған үш топ қатысады. Топ мүшелерінің саны үшеу. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс.
«Спорт-денсаулық кепілі» десек, отбасылар сайысы отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған шара.
Олай болса, әркімге рухани және мәдени мереке сыйлайтын сайысымызға қатысқалы отырған жанұяларды ортаға шақырайық.
І. «Қыран» тобы
ІІ. «Барыс» тобы
ІІІ. «Тұлпар» тобы




Басталды сайысымыз бүгінгі күн
Айырар әділқазы үздігі кім.
Бақ сынап алдыңызға келіп тұр ғой
Қарсы алайық топтарды қошеметпен.
Сайысымыздың негізгі арқауы болып отырған жанұялар тобының алқалысын бағалау үшін шақырылған әділқазыларалқасы құрамымен таныс болыңыздар:
1. «Аяла»балабақшасының меңгерушісі: Тәуекелова Орынгүл Амангелдіқызы
2. Медбике: Туребаева Мартагүл Сериковна

Сайысымыз 6 бөлімнен тұрады. Ал әділқазыларалқасы әр бөлімнен кейін бағасын беріп, сараптама жасап отырады.
(таңдау жасап кім бастайтындарын анықтап алады)
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалады.
Бәйгені ат жарысып шапқан алар,
Олжаны жатқан емес, тапқан алар,- деп сайысқа қатысушы отбасы топтарына «Ақжол!» тілейік.


Scanned with CamScanner

І. Өнер қуып жандары өтер дейміз,
Бір басына өнері жетер дейміз,
Сайыққа келген топтар кезектесіп,
Таныстырып өздерін өтер дейміз – деп топтар өздерін таныстырады. (топ аты, төсбелгі, ұраны,)

Сайысымыздың бірінші бөлімі - «Азық жинау»
Ойынныңшарты:
Әр команда әкелері жердегі құрастырғыштарды жинай отырып, өзінің сөмкесіне
өз азығын жинайды. Нәтижесінде қай топ көп жинайды сол топ жеңіске жетеді.
Сайыскерлер дайынбыз ба, бір, екі, үш. Алға!



Сайыстың тұсаукесер ойынына беретін бағаларыңызды көрсетсеңіздер.
Ойыншылардың кемшілігі мен қателіктерін айтып, ұпайларға сараптама жасап кетсеңіздер!
Келесі екінші бөлім – «Сақинамен жол»
Шарты: Екі обручты пайдалана отырып әке мен бала жол жасап, мәреге жетеді. Дайынбыз ба?
Қалыспа, Дайындал! Алға!



Сайысымыздың үшінші бөлімі «Аю »
Ойын шарты: Аяқтың ортасына шарларды қыстыра отырып, кедергілер арқылы мәреге жетеді. Ең бастысы допты түсіріп алмауымыз керек
Дайынбыз ба? Қалыспа, Дайындал! Алға!



Scanned with CamScanner

Қазылар алқасы бағалап жіберсек. Бағаларға түсініктеме беріп кетсеңіздер.

Ал, сайысымыздың төртінші бөлімі - «Орамал».
Бұл ойынымыздың шарты, әр ойыншы әкелерге орамалды беліне қыстырады. Келесі қарсыласына алуға жол бермейді.
- Ал, енді ормалдарын бергісі келмей, жеңіске жеткен сайыскерлеріміздің бағасын берейік
Дайынбыз ба? Қалыспа, Дайындал! Алға!



Сайысымыздың бесінші бөлімі «Шар жинау ». Бұл сайысқа әкелерде балаларда қатысады. Ойынымыздың шарты шашылған шарды құбырмен жинай отырып, шелекке жинайды. Көп жинаған топ жеңіске жетеді
Дайынбыз ба? Қалыспа, Дайындал! Алға!




Сараптама жасап кетсеңіздер.
Сайысымыздың алтыншы бөлімі «Асық ату»
Ойынның шарты:
Әр топ әкелері мен балалары асықты дәлдеп атады. 3 мүмкіндік беріледі
Дайынбыз ба? Қалыспа, Дайындал! Алға!
Сараптама жасап кетсеңіздер.
Қорытынды:
Таңданайық спортқа тамсанайық,
Бәріміз де қосылып қол соғайық.
Шабыттансын, көңілдерің көтерілсін
Сайыскерлерді мадақтап қол соғайық!-дей келе байқауымыздың аяқталар сәтіне де келіп жеттік.Олай болса, бүгінгі сайыскер жанұяларды мадақтау үшін сөзді әділқазылар алқасына береміз.(Марапаттау)

Scanned with CamScanner

Деменіздер біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Сау болып тұрыңыздар кездескенше
Осымен отбасылық сайыс аяқталды.









Scanned with CamScanner